КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Бос жұмыс орнына конкурс жарияланған күні: 19.10.2026ж

Мекеме атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Талас ауданының білім бөлімі «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 мөлтек ауданы 47А.

Телефон нөмірі: 8 747 635 31 40

Пошталық мекен-жайы: aigerimkaratau@yandex.kz

Фейсбук парақша: Әйгерім Бөбекжай Бақшасы

Сайт: https://aigerim-talas.kz/kz/

Бос лауазым атауы: 1,0 штаттық бірлікпен – әдіскер лауазымына

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын;

дидактика принциптері, педагогика, психология негіздері, тәрбие мен оқытудың жалпы және жеке әдістемелерін;

педагогикалық этиканың нормаларын;

еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормаларын;

әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін..

2. Лауазымдық міндеттері:

- Білім беру ұйымының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- Оқу, оқу-тақырыптық жоспарлар мен бағдарламалар жасайды;
- Балаларға арналған білім беру бағдарламаларын таңдауға (әзірлеуге) қатысады;
- Жас топтары бойынша сабақ кестесін жасайды;
- Оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, нысандарын, әдістері мен құралдарын анықтауға көмек көрсетеді;
- Оқу-әдістемелік құжаттамаларды, құралдарды әзірлеуді, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады;
- Инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтауды, зерттеуді, таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді;
- Топтарды оқу құралдарымен, ойындармен, ойыншықтармен жинақтауды ұйымдастырады;
- Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының жағдайын талдайды;
- Тәрбиешілер үшін сабақтар, мастер-кластар, семинарлар, жеке және топтық кеңестер, көрмелер, конкурстар өткізеді, шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады;
- Оқу-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің деректер банкін қалыптастырады, есепке алу және есеп беру құжаттамасын уақытылы рәсімдейді;

- Тәрбиешілердің, психологтың, логопедтің, музыкалық жетекшінің, ұйымның басқа мамандарының өзара іс-қимылын үйлестіреді;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіреді;

- Тәрбиешілер, олардың көмекшілері лауазымдарына кадрларды іріктеу және оларды көтермелеу жөнінде ұсынымдар енгізеді;

- Педагогтердің біліктілігін арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау), аттестаттау жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

Еңбек ақы мөлшері: 1,0 штаттық бірлік (200 000 - 250 000 теңге аралығы).

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

- Жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі болған педагог – шебер үшін мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: 3-5 жыл;

- Педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог - зерттеуші үшін тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі болған жағдайда мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: 3-5 жыл;

- Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдіскер қызметі бойынша педагогикалық жұмыс өтілі: 3-5 жыл.

Қажетті құжаттар:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш (3 қосымша);
2. Жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
3. Кадрларды есепке алубойынша толтырылған жеке іс-парағы (нақты тұрғылықты мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілген бар болса);
4. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамалары мен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмесі
6. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министірінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (У 075) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №23469 болып тіркелген);
7. Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
8. Наркологиялық ұйымнан анықтама;
9. Біліктілік тестілеу сертификаты немесе біліктілік санатының болуы туралы куәлік (әдіскерлік бар болса);
10. Бағалау парағы;
11. Ұсыным хат (оқу орнынан немесе жұмыс орнынан)
12. Түйіндеме.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 7 жұмыс күні (19.10.2026 – 27.10.2026ж аралығы)